

Қазақстан Республикасының көлік және коммуникациялар министрлігі туралы ережені бекіту жайында

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 17 қараша N 1302. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997.11.22. N 1641 қаулысымен. ~P971641

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі туралы қоса берілген Ереже бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 17 наурыздағы N 250 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1992 ж., N 1 1 , 1 9 9 - б а п) ;

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу және күші жойылған деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 30 шілдедегі N 663 қаулысына қосылған өзгертулердің (N 1 қосымша) 3-тармағы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1993 ж., N 31, 3 6 2 - б а п) ;

"Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 6 қаңтардағы N 28 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1994 ж., N 2, 15-бап).

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 17 қарашадағы
N 1302 қаулысымен

Бекітілген

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар
министрлігі туралы

ЕРЕЖЕ <*>

ЕСКЕРТУ. Ереженің мәтініндегі сөздер ауыстырылды - ҚРҰ-нің 1996.12.30. N 1685 қаулысымен. P961685_

1. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі (бұдан былай - Министрлік) қолданылып жүрген заңдарға сәйкес Қазақстан Республикасының көлік-коммуникация кешенінің қызметіне мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын орталық орган болып табылады. Министрлікке Қазақстан Республикасының Үкіметі тікелей басшылық етеді.<*>

Көліктік және көліктік-қосындық қызметті, көлік құралдарын жөндеу мен техникалық жағынан қамтуды, байланыс қызметін көрсетуді, байланыс құралдары мен ақпараттық желілерді, автомобиль жолдарын, су, әуе және темір жол қатынасы жолдарын және оларға арналған ғимараттарды салуды, пайдалану мен ұстауды, сондай-ақ әуе кеңістігін пайдалануды бақылауды ғылыми зерттеулер жүргізуді және көлік-коммуникация кешені үшін кадрлар даярлауды жүзеге асырушы, меншік нысанына қарамастан, Қазақстан Республикасының аумағына орналасқан кәсіпорындар, олардың бірлестіктері, мекемелер мен ұйымдар, сондай-ақ көлік, радиоэлектроника мен байланыс құралдарын, саланың мұқтажы үшін басқа да жабдықтар жасайтын немесе көліктік не коммуникациялық процеспен байланысты өзге де жұмысты атқаратын кәсіпорындар Қазақстан Республикасының көлік-коммуникация кешенін құрайды. < * >

Министрлік басқа министрліктермен және ведомстволармен, өзге де жергілікті атқарушы органдарымен бірлесе отырып, жүктер мен жолаушыларды тасымалдауға және байланыс қызметін көрсетуде экономика мен халықтың, қорғаныс және жұмылдырушылық шаралардың қажетін қамтамасыз етуге, тұтас алғанда көлік-коммуникация кешенін дамытуға бағытталған мемлекеттік с а я с а т т ы жү р г і з е д і .

ЕСКЕРТУ. 1-тармақтың 2 абзацы толықтырылды - ҚРҰ-нің 1996.12.30. N 1685 қаулысымен.

2. Министрлік өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Парламентінің, Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алып отырады.

3. Министрлік Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті өзіне берген құқықтарға сәйкес көлік-коммуникация кешеніне кіретін мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың мүлкіне иелік етуді , оны пайдалану мен басқаруды жүзеге асырады.

4. Министрліктің орталық аппаратын ұстау Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару органдары үшін республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен жүзеге асырылады.

5. Министрлік заңды ұйым болып табылады, оның банк мекемелерінде белгіленген тәртіппен есеп айырысу және өзге де (соның ішінде валюталық) шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген, өз атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі, сондай-ақ тиісті мөрлері мен м ө р т а ң б а л а р ы б о л а д ы . < * >

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ толықтырылды - ҚРҰ-нің 1996.12.30. N 1685 қ а у л ы с ы м е н .

6. Министрлік ақпараттық және нормативтік материалдардың шығарылуын ұ й ы м д а с т ы р а д ы .

II. Көлік және коммуникациялар министрлігінің міндетті

7. Министрліктің негізгі міндеттері:

көлік және коммуникациялар саласында Қазақстан Республикасының м ү д д е с і н қ о р ғ а у ;

көлік және коммуникациялар саласында мемлекетаралық және халықаралық ы н т ы м а қ т а с т ы қ т ы жүзеге асыру;

меншік нысанына қарамастан барлық көлік және коммуникациялар түрлерінің қызмет етуінің құқылық және нормативтік тәртібін айқындайтын заңдылық және өзге де актілердің, стандарттар мен нормалардың жобаларын ә з і р л е у ;

барлық көлік және коммуникациялар түрлерін дамытудың тұжырымдамалары мен мемлекеттік ұлттық бағдарламаларын әзірлеу, бірыңғай инвестициялық, ғылыми-техникалық, әлеуметтік саясатты қалыптастыру мен жүргізу, сондай-ақ кадрларды о қ ы т у м е н д а я р л а у ;

тасымалдау мен байланыс қызметін көрсетуге деген республика экономикасы мен халқының қажеттілігін қамтамасыз ету үшін жағдай туғызу;

көлік және байланыс, сондай-ақ әуе кеңістігі қызметін көрсетуде тұтынушылардың құқығын қорғауға бақылау жасау;<*>

республиканың тасымалдау мен байланыс қызметіне деген мемлекеттік мұқтажды болжамдауды әзірлеу және қажеттілікті дер кезінде сапалы түрде қ а м т а м а с ы з е т у ;

жұмысты үйлестіру және Қазақстан Республикасы көлік коммуникация кешенінің қызметін мемлекеттік реттеу функцияларын жүзеге асыру, акционерлендіру мен бәсекелестікті қалыптастыру негізінде оның құрылымы мен басқарылуын жетілдіру болып табылады;

мемлекеттік басқару, әуе кеңістігін пайдалану жұмысын үйлестіру мен б а қ ы л а у . < * >

ЕСКЕРТУ. 7-тармаққа өзгертулер мен толықтыру енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.12.30. N 1685 қаулысымен.

II. Көлік және коммуникациялар министрлігінің функциялары

8. Өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес министрлік:

көлік, жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары мен байланыс, сондай-ақ әуе кеңістігін пайдалану қызметі мәселелері жөніндегі жаңа нормативтік актілердің, стандарттардың, ережелердің, нормалар мен нұсқаулықтардың, техникалық шарттардың жобаларын әзірлейді және қолданылып жүргендерін жетілдіреді, оларды белгіленген тәртіппен тіркеу мен бекітуге ұсынады, көлік пен байланыстың қызмет көрсету рыногының құқылық негізін, мемлекет пен тұтынушылардың мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін заңдылық және өзге де актілердің жобаларын дайындауға қатысады;<*>

көлік-коммуникация кешені кәсіпорындарына мемлекеттік қолдауды жүзеге асырады, көлікте, жол шаруашылығы мен байланыста мемлекеттік міндеттерді шешу үшін қажетті шығындарды негіздейді, көлікті, республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын, олардың ғимараттарын және байланысты қаржыландыруға республикалық бюджеттен және басқа көздерден бөлінген қаражатты шоғырландырады, қаржы қаражатының бөлінуін бекітеді және олардың ұтымды пайдаланылуын бақылайды;

жол шаруашылығының, барлық көлік пен байланыс түрлерінің қызметкерлерін әлеуметтік жағынан қорғау жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

көлік-коммуникация кешені қызметкерлерін мемлекеттік наградаларға, оларға Қазақстан Республикасына сіңірген ерекше еңбегі үшін зейнетақы тағайындауға ұсыну мәселелерін қарайды және Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің салалық наградаларымен наградтауды жүзеге асырады;

көлік-коммуникация кешеніне кіретін оқу орындарында жоғары және арнаулы орта білім беру жүйесін жетілдіру жөнінде жұмыс жүргізеді;

барлық көлік түрлері мен байланыстағы кадрлардың кәсіби жарамдылық деңгейіне қойылатын талаптарды белгілейді және оларды даярлауға жәрдемдеседі;

көлік және жол техникасына, көлік-коммуникация инфрақұрылымы объектілерін салу мен пайдалануға, байланыс құралдарына (өз құзырының шеңберінде осы талаптарды бекітеді) қойылатын талаптар мен техникалық шарттарды әзірлеуге қатысады, аталған талаптар мен шарттардың орындалуына бақылау жасайды, көлік құралдарын, пайдаланылатын материалдар мен жабдықтарды белгіленген тәртіппен сертификаттайды;

Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігімен бірге барлық көлік түрлерінің, байланыс пен жол шаруашылығының қызметінен

ортаны қауіпсіздендіру мен экологиялық қорғауды қамтамасыз ету саласында бірыңғай саясатты қалыптастырады және оны жүзеге асыруға қатысады;

көлікті, жол техникасы мен байланыстың техникалық құралдарын пайдалануға орай белгіленген тәртіппен талаптарды, жүру қауіпсіздігі, еңбекті қорғау нормалары мен экологиялық нормаларды айқындайды;

жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын, темір жол магистральдарын, су қатынасы жолдарын, әуе кеңістігін, ақпараттық желілер мен байланыс құралдарын пайдалануды өрістеу мен жақсартуға, Қазақстан Республикасының экономикасы мен халқына көліктік-қосындық және ақпараттық қызмет көрсетуді жетілдіруге бағытталған шараларды жүзеге асыруды қамтамасыз етеді;

барлық көлік түрлерінің, жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары мен байланысты, ақпараттық инфрақұрылымды кешендік дамытудың стратегиясын айқындайды, бағдарламалардың әзірленуі мен жүзеге асырылуын үйлестіреді, барлық көлік түрлерінің, республикалық маңызы бар автомобиль жолдары мен байланыстың қызмет етуінің әрі дамуының аса маңызды проблемалары жөніндегі ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және жобалау жұмыстарын жүргізуді ұйымдастырады және белгіленген тәртіппен қаржыландыруды жүзеге асырады, көлікті, байланыс құралдарын және автомобиль жолдарын дамытудың салааралық жобалары мен бағдарламаларын сараптауды ұйымдастыруға қ а т ы с а д ы ;

көлік және коммуникациялар әуе кеңістігін пайдалану саласындағы заңдылықтың сақталуына, радиоэлектрондық құралдарын, жоғары жиіліктегі құрылғылар мен ведомстволық жүйелердің пайдаланылуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады; < * >

көлікті, жол шаруашылығы мен байланысты дамыту саласында ынтымақтастықтың нысаналы мемлекетаралық бағдарламаларын іске асыру үшін қажетті жұмыстарды атқаруға, қызмет көрсетуге, өнімдерді сатып алу мен жеткізуге тапсырыстарды қалыптастыру мен орналастыру жөніндегі ұсыныстарды көлік-коммуникация кешенінің кәсіпорындары мен ұйымдарын қ а т ы с т ы р а отырып да й ы н д а й д ы ;

Қазақстан Республикасының заңдарымен белгілеген тәртіппен барлық көлік түрлерінде, байланыс қызметінде тасымалдау, көлік-қосын қызметін лицензиялау жөніндегі жұмыс ұйымдастырып, жүзеге асырады, сондай-ақ баға мен тариф саласындағы саясатты белгілеу мен жүргізуге қатысады; < * >

республикалық шоғырлану мен сыртқы экономикалық байланыстардың дамуына жәрдемдеседі, халықаралық ұйымдарға республиканың мүддесін қорғайды, көлік, жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары мен байланыс әуе кеңістігін пайдалану саласында ұсыныстар әзірлейді және белгіленген тәртіппен мемлекетаралық келісімдер мен шарттар жасайды, олардың орындалуын

бақылайды; < * >

көлік пен байланыс қызметін көрсетудегі рыноктың қалыптасуына мемлекеттік қолдау жасайды;

салалық дамудың аймақтық бағдарламаларын іске асыруға қатысады; көлік-коммуникация кешені объектілерін акционерлендіру мен жекешелендіру жайындағы мәселелерді шешуге белгіленген тәртіппен қатысады;

Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетімен және Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен бірлесе отырып, көлікте, жол шаруашылығында және байланыста монополиясыздандыру жөніндегі шараларды әзірлеп, жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының Стандарттау, сертификаттау және метрология жөніндегі комитетпен бірлесе отырып, салада қолданылатын жабдықтар мен технологияны стандарттау мен сертификаттау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады; < * >

көлік және байланыс жүйесіндегі зиян шегуші кәсіпорындар мен ұйымдарды санациялау, оларды қайта құру мен тарату жөнінде шаралар қолданады;

табиғи зілзала зардаптарын жою жөніндегі және төтенше жағдайлардағы жұмыстарға белгіленген тәртіппен қатысады, осындай жағдайларда іс-қимылдағы көлік пен байланыс құралдарының тыңғылықты жұмыс атқаруына ұйымдастырады;

ведомствоға қарасты салаларда жұмылдырушылық дайындық пен азаматтық қорғаныс жөніндегі шараларды белгілейді және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастырады, ерекше кезеңде тасымалдау, бағалы материалдарды жұмылдыру резерві мен арнайы қорда ұстау мәселелері бойынша мүдделі ұйымдардан өзара іс-қимыл жасауды қамтамасыз етеді;

көлікте, байланыс пен жол шаруашылығында, сондай-ақ әуе кеңістігін пайдалану кезінде мемлекеттік құпияны сақтау жөнінде шаралар қолдануға бақылау жасауды қамтамасыз етеді; < * >

арнайы байланыс, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет жұмысын ұйымдастырады;

көліктің, байланыстың, жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын салу, жөндеу мен күтіп ұстау ісі мәселелерінде жергілікті атқарушы өкімет органдарымен өзара іс-қимыл жасайды;

шешілуі осы ережеде тікелей оның қарауына берілген мәселелер жөніндегі азаматтардың ұсыныстарын, арыздары мен шағымдарын қарайды.

ЕСКЕРТУ. 8-тармаққа өзгерістер мен толықтырулар енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.12.30. N 1685 қаулысымен. P961685_

IV. Көлік және коммуникациялар министрлігінің құқығы

9. Қойылған міндеттер мен жүктелген функцияларға сәйкес министрліктің: көлікті, байланыс пен жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын дамытудың ұлттық және мемлекетаралық нысаналы бағдарламаларын қаржыландыру мәселелерін шешуге қатысуға, сондай-ақ осы мақсатқа бөлінген қаражаттың ұтымды жұмсалуына бақылауды жүзеге асыруға;

оның қарауындағы мемлекеттік кәсіпорындарды, ұйымдар мен мекемелерді құру, қайта құру, тарату жөніндегі мәселелерді заңдарда белгіленген тәртіппен шешуге;

мемлекеттік меншікке жататын көлік-коммуникация кешені объектілері мен кәсіпорындарын жекешелендіру туралы шешімдердің жобаларына белгіленген тәртіппен қорытындылар дайындауға;

мемлекет меншігіндегі кәсіпорындар басшыларын іріктеу мен орналастыруды жүзеге асыруға, олардың резервін қалыптастыруға;

көлік-коммуникация кешенінің мемлекеттік кәсіпорындары мен ұйымдарының жарғыларын бекітуге;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті мен оның аумақтық органдарына мемлекеттік акционерлік компаниялар мен холдингтердің басшылық органдарындағы меншік иелігіне өкілетті өкілдер лауазымына кандидаттар ұсынуға;

көлік-коммуникация кешені кәсіпорындарында, бірлестіктері мен ұйымдарында қазіргі заңдардың дұрыс қолданылуын бақылауды жүзеге асыруға және қамтамасыз етуге;

ведомостволық және жеке желілерінің, жүйелер мен құрылғыларының жалпы пайдаланымдағы байланыс желілерімен түйісуі кезінде қазіргі стандарттардың сақталуын бақылауға;

Қазақстан Республикасының аумағында радиожииліктерді беруді жүзеге асыруға;

пошта маркаларын, конверттер, ашылмалар, кәртішкелер шығарылуын ұйымдастыруды жүзеге асыруға;

көлікті, жол техникасы мен байланыстың техникалық құралдарын пайдалану кезінде жол қозғалысының қауіпсіздік талаптарының, нормаларының, еңбек қорғау және экологиялық нормаларының айқындалуына белгіленген тәртіппен қатысуға;

төтенше жағдайлар туындаған кезде, олардың алдын алу мен мүмкін болатын зардабын жою жөнінде Қазақстан Республикасының көлік-коммуникация кешеніне жататын ұйымдардың, кәсіпорындар мен олардың бірлестіктерінің мамандарын тарта отырып, белгіленген тәртіппен уақытша жұмыс топтары мен

комиссияларын

құруға;

қажет болған жағдайда көліктің, жол шаруашылығы мен байланыстың, меншік нысанына қарамастан, кәсіпорындарынан, бірлестіктерінен, мекемелері мен ұйымдарынан министрліктің құзырына жататын барлық мәселелер жөніндегі қажетті ақпаратты, материалдарды, анықтамалық деректерді сұратуға;

өз құзыры шегінде басқа министрліктермен және ведомстволармен келісілген, барлық кәсіпорындар, бірлестіктер, мекемелер, ұйымдар мен азаматтар үшін міндетті ведомстволық актілерді басып шығаруға;

жалпы мәселелерді шешу үшін олардың келісімін ала отырып, кәсіпорындар мен ұйымдардың қаражатын арнайы шотта орталықтандыруға құқығы бар;

белгіленген тәртіппен әуе кеңістігін пайдалануға байланысты қызметке рұқсат беру мен тоқтатуға. <*>

ЕСКЕРТУ. 9-тармақ жаңа абзацпен толықтырылды - ҚРҰ-нің 1996.12.30. N 1685 қаулысымен.

V. Көлік және коммуникациялар министрлігінің басшы органдары

10. Министрлікті Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын және лауазымынан босататын Министр басқарады.

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің лауазымға ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайтын және лауазымынан босататын орынбасарлары болады.

11. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрі өзіне тапсырылған сала қызметіне дара басшылық негізінде басшылық етеді және министрлікке жүктелген міндеттердің орындалуы үшін дербес жауап береді.

12. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрі:

министрліктің қызметін басқарады;

министр орынбасарларының арасындағы міндеттерді бөледі;

бюджеттен бөлінген қаражаттың және министрлік мүлкін пайдаланылуына бақылау жасап отырады;

министрліктің жұмыс регламентін, алқа туралы ережені, біліктілік лауазымдық талаптарын, қызметкерлерді аттестациялау тәртібін, сондай-ақ министрліктің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді және ведомствоға қарасты кәсіпорындар мен ұйымдардың жарғыларын бекітеді;

министрліктің орталық аппараты қызметкерлерін, сондай-ақ өз құзыры шеңберінде - мемлекеттік кәсіпорындардың, ұйымдар мен басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілердің бірінші басшыларын қызметке тағайындайды және қызметінен босатады;

барлық органдар мен мекемелерде оның қызметіне байланысты мәселелер

бойынша министрліктің мүддесін қорғайды, шарттар, келісімдер жасайды, сенімхаттар береді, банктерде есеп айырысу, валюталық және басқа да шоттар ашады ;

оның құзырына жататын мәселелер бойынша ведомствоға қарасты барлық шаруашылық жүргізуші субъектілердің орындауы үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді.

13. Министрліктің орталық аппаратының құрылымын Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің ұсынуы бойынша қызметкерлердің белгіленген саны мен еңбек ақы қоры шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

14. Министрлікте құрамында Министр (алқа төрағасы), Министрлер орынбасарлары, лауазымы бойынша комитеттер мен департаменттердің басшылары, сондай-ақ көлік-коммуникация кешеніндегі басшы қызметкерлері бар алқа құрылады. < * >

Министрліктің алқа құрамының санын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді. < * >

Алқа республика көлігінің, байланысының және жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары қызметінің және әуе кеңістігін пайдаланудың аса маңызды мәселелерін қарайды. < * >

Алқа шешімі, әдетте, министрдің бұйрығымен күшіне енеді.

ЕСКЕРТУ. 14-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1996.12.30. N 1685 қаулысымен.

15. Министрліктің жанындағы Әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық авиация қызметі жөніндегі Комитеті іс-қимыл жасайды. Комитетті Министрдің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және босататын Төраға басқарады.<*>

Министрліктің құрамына басқа да құрылымдық бөлімшелермен бірге темір жол, су, автомобиль көлігі, автомобиль жолдары, байланыс департаменттері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Көлік инспекциясы, Мемлекеттік почта, Телекоммуникациялар жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссия, Радиожиіліктер жөніндегі мемлекеттік комиссия кіреді. Олар өз құзыры шегінде мүдделі министрліктермен және ведомстволармен келісе отырып, өкімдік құжаттар шығара алады, тиісті көлік түрлерінің, жол шаруашылығы мен байланыс қызметін реттейтін ведомствоаралық сипаттағы техникалық ережелер мен нұсқаулықтарды әзірлеп, бекіте алады.<*><*>

Көлік инспекциясы, Мемлекеттік почта, Телекоммуникациялар жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссиясы және Радиожиіліктері жөніндегі мемлекеттік комиссиясы туралы Ережелерді Әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық авиация қызметі жөніндегі комитеті туралы Қазақстан

Республикасының Үкіметі бекітеді.<*><*>

ЕСКЕРТУ. 15-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚРМК-нің 1994.12.14. N 1409 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 15-тармақ өзгертілді - ҚРҮ-нің 1996.12.30. N 1685 қаулысымен.

16. Көлік-коммуникация кешенінің құрамында Теңіз және өзен регистрі мен Электр байланысының мемлекеттік инспекциясы, Арнайы байланыс пен Мемлекеттік фельдъегер қызметі жұмыс атқарады.

Теңіз және өзен регистрі теңіз және өзен флоты кемелерін техникалық жағынан қадағалауға жіктеме жүргізеді, Қазақстан Республикасы қатысатын халықаралық конвенциялар, келісімдер мен шарттар талаптарының орындалуына бақылау жасайды.

Электр байланысының мемлекеттік инспекциясы Қазақстан Республикасының аумағында радиоэлектрондық құралдар мен жоғарғы жиіліктегі құрылғыларды сатып алудың, жобалаудың, жасаудың (орнатудың), пайдаланудың белгіленген тәртібінің сақталуына, сондай-ақ олардың электромагниттік сыйысуына, радиосәулелендіру сипатының қолданылып жүрген нормаларға сәйкестігіне мемлекеттік қадағалауды жүзеге асырады.

Арнайы байланыс пен Мемлекеттік фельдъегерлік қызмет функцияларын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен ережелерге сәйкес жүзеге асырады.

Теңіз және өзен регистрі мен Электр байланысының мемлекеттік инспекциясы туралы Ережелерді Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрі бекітеді.

17. Министрлік жанында Қазақстан Республикасының көлігі жөніндегі Ведомствоаралық үйлестіру кеңесі құрылуы мүмкін. Оның құрамына барлық көлік түрлерінің, ғылыми ұйымдар мен көлік қызметін көрсететін ірі тұтынушылардың басшылары мен мамандары кіреді.

Кеңестің құрамын және ол туралы Ережені Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрі бекітеді.

18. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрі техникалық-экономикалық және ғылыми-техникалық кеңестер құра алады.